



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№8 (1834)
26 наурыз
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

ҚазҰУ халықаралық байланыстарды дамытуға мүдделі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы кеңесінің хатшылығы арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.



Білім ордасында Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы кеңесі хатшылығының өкілдерімен кездесуі өтті, оның нәтижесінде тараптар ынтымақтастық туралы келісімге келді.

Делегация өкілдерін қарсы алған университет басшысы еліміздің жетекші оқу орнының жетістіктеріне тоқталып, халықаралық байланыстарды дамытуға

және ТМД Парламентаралық Ассамблеясымен қарым-қатынасты нығайтуға мүдделі екенін жеткізді. «Біз университетіміздің QS World University Rankings рейтингінде айтарлықтай жоғары позицияны – 175-орынды иелен-

генін және QS Stars Rating халықаралық рейтингінде үздік «Бес жұлдызды» алған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз университет екенін мақтан тұтамыз. Университет 650-ден астам білім беру бағдарла-

масын жүзеге асырады, оның ішінде 120-сы АҚШ, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және Ресей Федерациясы университеттерімен бірлескен қос-дипломдық бағдарламалар.

Жалғасы 2-бетте

UniSat – ЮНИСЕФ ұйымы мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірлескен жобасы. Ол наноспутниктер бойынша білім беру курсы әзірлеу арқылы қыздар арасында STEM-білім беруді (Science, Technology, Engineering, Mathematics) дамытуды көздейді.

Қыздардың ғарышты игеруіне жол ашады



Бүгінде ЮНИСЕФ халықаралық ұйымы бүкіләлемдегі жастар арасындағы гендерлік саясатқа үлкен көңіл бөледі. UniSat осы бағытта ЮНИСЕФ пен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы бірегей әріптестік шеңберінде жүзеге асырылуда. Сондықтан Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінен келген 150-ден астам қатысушы қыз балалар 21-30 наурыз аралығында ғарыштық техника саласындағы жетекші мамандардан білім алады. Оның ішінде 3D-модельдеу, бағдарламалық басқару блоктарын жобалау, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді әзірлеу дағдылары, Linux-тағы коммуникациялар мен бағдарламалау негіздері де толық қамтылған. Жобаның соңғы кезеңінде қатысушылар наноспутникті стратосфераға ұшырады.

Жалғасы 2-бетте

Нейрондық желілерді меңгеруге мүмкіндік береді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Samsung компаниясымен бірлесе отырып Stepiк білім беру платформасында қазақ тілінде нейрондық желілер мен компьютерлік көру бойынша тегін онлайн-курс әзірледі.



Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Еділхан Әмірғалиев басқарған ҚазҰУ ғалымдары мен оқы-

тушылар тобы Samsung Research Russia мамандарымен бірлесіп «Нейрондық желілер және компьютерлік көру»

бойынша курстың қазақ тіліндегі нұсқасын әзірледі. Жаңа курс барлығына қолжетімді. Бұл машинаны

оқыту әдістерімен компьютерлік көру саласын игеруге енді ғана қадам басқан азаматтарға арналған. Курс нейрондық желілердің негіздерінен басталады. Содан кейін нейрондық желілерді конфигурациялаудың негізгі архитектуралары мен алгоритмдері, конвульсиялық нейрондық желілер, жүйелеу және қалыпқа келтіру әдістері оқытылады. Тыңдаушылар дәрістерден бөлек, сегіз практикалық семинар арқылы білімін жетілдіреді.

Жалғасы 2-бетте



Казис МИЛАШЮС:

С Қазақстаном
сотрудничаю
более десяти лет

3



Экожүйені
жақсартудың
алғашқы қадамы


4



Шетелдік
тағылымдамалар
шыңдай түсті

5

ҚазҰУ халықаралық байланыстарды дамытуға мүдделі



Соңы. Басы 1-бетте

«Университетіміздің ғылыми-зерттеу әлеуеті зор», – деді ректор. «Біз халықаралық байланыстарды кеңейтуге, ТМД Парламентаралық Ассамблеясы кеңесінің хатшылығымен бірлескен перспективалық жобаларды жүзеге асыруға және ынтымақтастыққа мүдделіміз». Өз кезегінде Бас хатшы – ТМД Парламентаралық Ассамблеясы кеңесі хатшылығының меңгерушісі Дмитрий Кобицкий ықпалды ұйымның қызметін қысқаша баяндап берді. «Мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы көптеген мәселелермен айналысады. Бірінші және ең маңыздысы

– модельдік заң шығару, соның негізінде ТМД елдерінің заңдары әзірленеді. Достастық елдері жастары үшін де маңызды жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Біз бұл бағытта да ынтымақтастық жасай алатынымызға сенімдіміз», – деді Бас хатшы.

Кездесу соңында қол қойылған келісім негізінде тараптар үлгі заңнамалық актілерді әзірлеу, бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар өткізу, ортақ ғылыми жобаларды қолға алу сынды өзара тиімді іс-қимылдарды жүзеге асыратын болады.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Нейрондық желілерді меңгеруге мүмкіндік береді

Соңы. Басы 1-бетте

Онда машиналық оқыту және компьютерлік көру құралдары, негізгі мәселелерді шешу жолдары қамтылған. Курс соңында тыңдаушылар күрделі практикалық тапсырмаларды орындай алады.

2021 жылдың қазан айынан бастап ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультетінің бір топ студенттері ҚазҰУ-дың аға оқытушысы Жолдас Бөрібаевтың жетекшілігімен «Жасанды интеллект» трегінде білім алады. Қазіргі

уақытта 20 студент қазақ тіліндегі жаңа курсты сәтті аяқтап, компьютерлік көру бойынша қорытынды жобаны әзірлеуге кірісті.

ҚазҰУ жоғары оқу орындарына арналған «Samsung IT академиясы» әлеуметтік-білім беру жобасының серіктесі. Соның аясында ақпараттық технологиялар факультетінің студенттеріне «Жасанды интеллект» курсы қолжетімді бола түсті. Сабақта Sterik платформасындағы «Нейрондық желілер және компьютерлік көру» онлайн-курсы қосымша оқытылады.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде Темірбек Қожакеевтің туғанына 95 жыл толуына орай, «Темірбек Қожакеевтің сатиралық және әдеби мұрасы: таным мен талғам табиғаты» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

негізін қалаған ғалым. Ол қазақ әдебиеті мен баспасөзінің тарихы, теориясы жөніндегі 200-ден астам мақала мен көркем-публицистика-

Қазақ сатирасының сардары

Шараны журналистика факультетінің деканы, филология ғылымының кандидаты Сансызбай Мәдиев ашып, бас баяндамашы, Қазақстан жазушылар одағы Сатира кеңесінің төрағасы Ермахан Шайхұлына сөз кезегін берді.

– Қазақ сатирасының өсіп-өркендеп, терең тамыр жаюына зор үлес қосқан ғалым-ұстаздардың бірі де бірегейі – Темірбек Қожакеев. Ол қазақ сатирасын егжей-тегжейлі зерттеп, сатиралық жанрлар жүйесін жете зерделеген және теориялық жағынан негіздеген ғалым. Бұған дейін қазақ әдебиеттану ғылымында сатира мен юморды терең зерттеп, талдаған ғалым болған жоқ. Оның қаламынан туған ондаған оқулықтар мен монографиялар және жүздеген ғылыми еңбектерді жинақтап тасқа басса, қазақ сатирасының энциклопедиясы секілді толымды дүние әрі болашақ оқырмандар мен жас зерттеушілер үшін аса құнды ғылыми еңбек болары хақ, – деді Ермахан Шайхұлы.



Сондай-ақ Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, сатирик Көпен Әмірбек пен Толымбек Әлімбек, Жазушылар одағы төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып, ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Бекжігіт Сердәлі және т.б. бірқатар зиялы қауым өкілдері мен журналистика факультетінің ұстаздары сөз сөйледі.

Темірбек Қожакеев – қазақ сатирасының тарихы мен ерекшеліктерін зерттеп,

лық очерк, фельетондардың авторы. Қожакеев өмірінің соңына дейін Қазақстан жазушылар одағы жанындағы қазақ сықақшылары қауымдастығының президенті болды. «Мерейлі Меркі», «Керімсал кент» (Е.Сауранбаевпен бірге), «Сатира негіздері» және т.б. кітаптарын, жеті томдық таңдамалы шығармалары, сондай-ақ журналист болсам деп армандаған жас өрендерге арнап «Жас тілшілер серігін» жазған ғалым-ұстаз. Филология ғылымының докторы, профессор Темірбек Қожакеев Қазақстан Жоғары мектебі ҒА тағайындаған «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақстан журналистер одағы сыйлығының иегері.

Атаулы шара дәстүрлі «Қожакеев оқулары» аясында ұйымдастырылып отыр. Конференция соңында байқауға қатысқан тәлімгерлер үш түрлі номинация бойынша марапатталды.



Қыздардың ғарышты игеруіне жол ашады

Соңы. Басы 1-бетте

Наноспутниктер – бұл массасы 10 келіден аспайтын шағын ғарыш аппараттарының класы. Бүгінде наноспутниктер әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы университеттерінде және коммерциялық ұйымдарда дамыған.

UniSat жобасы наноспутниктерді әзірлеу бойынша дағдылар мен құзыреттерді дамытуға ғана емес, командада жұмыс істеу, көпшілік алдында сөйлеу, тайм-менеджмент, креативтілік сияқты және т. б. қыздардың бойында икем-



ділік дағдыларын дамытуға бағытталған.

ҚазҰУ мен ЮНИСЕФ-тің бірлескен жобасы – Қазақ-

стандағы қыздар үшін STEM білім беруді дамытудағы тағы бір маңызды қадам. Алғаш рет 2020-2021 оқу жылдарында ұйымдастырылған шара биыл да жалғасын тапты. Сондықтан алдағы уақытта дәстүрлі жобаға айналады деген сенімдеміз.

Курс нақты ғарыш аппараттарын жобалау, 3D-модельдеу, құрастыру, тестілеу және ұшыру, сондай-ақ деректерді талдау бойынша оқушылардың қабілеттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған.

Кәмила ЕРКІНҚЫЗЫ



Профессор Академии просвещения университета Витаутас Магнус (Республика Литва), габлиторированный доктор биомедицинских наук Казис Милашюс с казахстанскими вузами сотрудничает с 2011 года. В 2016 году был приглашен в качестве зарубежного научного консультанта докторантки КазНУ им. Аль-Фараби Эльданы Ержановой, которая в 2020 году успешно защитила диссертацию на соискание степени философии (PhD), по специальности – Физическая культура и спорт. Профессор Казис Милашюс с 2018 года читает лекции магистрантам, тренерам курсов повышения квалификации, преподавателям Казахского университета имени Аль-Фараби, проводит семинары тренерам в Караганде.



Казис МИЛАШЮС, профессор:

С Казахстаном сотрудничаю более десяти лет

Казис Милашюс кандидатскую диссертацию защитил в 1980 году в университете Тарту (Эстония) на тему «Исследование показателей энергетического обмена и кислотно-щелочного равновесия у лыжников-гонщиков под влиянием различных физических нагрузок». В 1999 году была защищена диссертация на соискание степени габлиторированного доктора биомедицинских наук в Литовском экологическом институте на тему «Адаптация к физическим нагрузкам организма спортсменов, развивающих выносливость». В 2001 году ему присвоено ученое звание профессора на кафедре Методики и спорта Литовского эдукологического университета. С 2002 по 2017 год – заведующий этой кафедры, с 2018 по 2020 год – декан факультета Спорта и здоровья. В 2020 году, после соединения Литовского эдукологического университета с университетом Витаутас Магнус – руководитель программы Физическая культура, в настоящее время руководитель Лаборатории научных исследований спорта.

С казахстанскими вузами я сотрудничаю более десяти лет. В 2011 году был приглашен в Казахстан по договору международного сотрудничества между Литовским эдукологическим университетом и Казахским национальным педагогическим

университетом имени Абая читать лекции студентам. В течение 9 лет читал лекции студентам по специальности физической культуры и спорта по теории спортивной тренировки, физиологии спорта. В настоящее время работаю профессором 0,5 ставки на кафедре Физической культуры и спорта факультета Медицины и здравоохранения университета имени Аль-Фараби. Докторантам 1-го курса в осеннем семестре 2021-2022 учебного года читал лекции по дисциплинам «Актуальные проблемы в системе научных знаний о физической культуре и спорте»; «История и методология научных исследований в области физической культуры и спорта»; «Методы научных исследований»; «Академическое письмо». Являюсь зарубежным научным консультантом докторанта 3-го курса Артура Ниязова и докторанта 1-го курса Токтара Гусманова в КазНУ имени Аль-Фараби. Кроме них, являюсь зарубежным консультантом докторанта Казахского технологического университета Хусейна Сансербаева, который завершил докторантуру, подготовил диссертацию к защите под руководством профессора Академии питания Казахстана Ю.А.Синявского, – рассказывает литовский профессор Казис Милашюс.

В качестве члена научного совета спортивной науки Бал-

тийских стран Казис Милашюс сотрудничает с Тартуским университетом (Эстония), с Латвийской академией спорта, с Польской академией Физической культуры и спорта, с Литовским университетом спорта, с Украинским университетом физической культуры и спорта, с КазПУ имени Абая. Является руководителем научного комитета Олимпийской академии Литвы, членом научной программы подготовки к Олимпийским играм спортсменов Литвы.

Казис Милашюс мастер спорта СССР по лыжным гонкам, многократный чемпион Литвы по лыжным гонкам, победитель многих союзных соревнований в 1972-1982 годах. Участник зимних олимпийских игр в Нагано, Япония в 1998 г., чемпионатах мира по лыжным гонкам. С 2002 года тренер сборной команды по лыжным гонкам, консультант подготовки лыжников-гонщиков Федерации лыжного спорта Литвы.

Научные интересы профессора Казиса Милашюса, отражающиеся в научных публикациях – адаптация организма спортсменов различного спортивного мастерства к различным физическим нагрузкам, генетические исследования спортсменов, эффективность спортсменами потребляемых биологически активных пищевых добавок, те-

ория тренировки и методика подготовки спортсменов высокого спортивного мастерства. Читает лекции бакалаврам по дисциплинам: Физиология спорта, Биохимия спорта, Теория спортивной тренировки, ведет практические занятия по зимним видам спорта, Туризму и рекреации. Магистрантам читает курс лекций по Методологии физиологии спорта, Технологии спортивной тренировки, Основам методологии научной работы.

– Инициатива моего выбора

на основе диссертации Э.Ержановой и опубликованы в журналах, индексируемых в базах данных Web of Science, Scopus и в других международных базах, отпечатанные в России, Черногории, Хорватии, Украине, Литве, Казахстане. С этим же коллективом подготовлены доклады и приняты участие во многих международных конференциях. Общее количество докладов, представленных совместно с соавторами на различных международных и республиканских конференциях составляет – 168.

Опубликованы 3 монографии – «Адаптация к физическим нагрузкам организма спортсменов, развивающих выносливость»; «Эффективность биологически активных пищевых добавок, потребляемых спортсменами»; «Основы спортивной тренировки». Подготовлены учебники «Физиология спорта»; «Биохимия спорта»; «Лыжный спорт»; «Методология физиологии спорта»; различные методические пособия для студентов и магистрантов специальности Физическая культура и спорт.

Профессор Казис Милашюс является главным редактором журнала «Sport Science», издаваемого Университетом Витаутас Магнус и индексируемого в международной базе данных «Scopus», а также членом редколлегии журналов «Baltic Journal of Sport Science and Health» (Lithuania), «LASE Journal of Sport Science» (Latvia), «Ukrainian Journal of Medicine, Biology and Health» (Ukraine), «Pedagogy» (Lithuania), «Прикладная спортивная наука» (Белоруссия); «Актуальные проблемы физической культуры и спорта» (Украина); «Хабаршы вестник Казахского национального педагогического университета им. Абая».

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

В современном обществе патриотическое воспитание молодежи приобретает особое значение. Необходимо поиск новых подходов к системе патриотического воспитания, необходимо формирование нового, казахстанского патриотизма, в котором должны гармонично сочетаться традиции прошлого и современности.

Современный патриотизм

лет. Сформировалось понятие «казахстанец», которое независимо от национальности, идентифицирует единый народ Казахстана. И в этом большое значение имеет изучение многонациональной культуры народов, проживающих на нашей территории, воспитание толерантности, принятие общечеловеческих и этнических ценностей. И эти ценности тоже воспитывают патриотизм к стране, которая уникальна и отличается от многих других стран самобытностью, яркими красками разных культур.

Важно понять, что патриотизм – это не только громкие слова, и он проявляется в каждодневных поступках, в деятельности каждого человека. Патриотизм исходит изначально из любви к своему аулу, городу, поднимаясь дальше до осознанной любви к своей стране. Важно воспитывать молодежь так, чтобы они поняли, что патриотизм уже проявляется в малом: в желании соблюдать чистоту на улицах своего города, помогать старшим и нуждающимся людям, хорошо учиться в школе и в вузе, соблюдая академическую честность, пополняя



свои знания всеми доступными средствами, используя дополнительные обучающие курсы, участвуя в научных исследованиях, в общественной жизни вуза, чтобы стать отличным специалистом, который внесет в будущем свой посильный вклад в развитие своей страны.

В свете последних январских событий хочется отметить молодежь, которая была верна принципам патриотизма и проявляла смелость, преданность и огромное желание помочь своей стране в эти тяжелые дни, когда пошатнулись казавшиеся незыблемыми ценности нашей страны, как мир и единство. Каждый гражданин прошел через испытание и отве-

тил себе на вопрос: «Кто я, на что я способен, чтобы вернуть наши ценности, защитить народ и помочь своей стране восстановиться после трагических событий?» Многим, в том числе и молодым людям, пришлось делать выбор. И с гордостью можно отметить достойное поведение наших бойцов, которые выполняя приказ, защищая мир и спокойствие, рисковали своей жизнью.

В эти тяжелые дни наши волонтеры, которые в основном, состоят из молодых людей, помогали с продуктами, готовили еду и развозили по больницам, детским домам и просто нуждающимся, которые в эти дни остались без продуктов. Это

волонтерские организации, как «Я – Алматинец», «Региональный фронт – офис волонтеров», Государственный фонд развития молодежной политики, Лига волонтеров и много других. Они также активно помогали населению в период локдауна во время пандемии за последние годы. И таких примеров героического поведения наших граждан, которые охраняли жилые комплексы, тушили пожары своими силами, противостояли мародерам, множество. Особенно радует, что среди них много молодых людей, которые будут строить будущее нашей страны, которые прошли через серьезное испытание, и его достойно выдержали.

Наша обязанность как педагогов давать им не только знания, но и воспитывать нашу молодежь в духе патриотизма, в духе единства и взаимопомощи, чтобы каждый смог осознать, что от его личного вклада в развитие нашего общества, будь это волонтерская помощь, высокие оценки на экзаменах, победы на олимпиадах или добросовестный труд на своем рабочем месте, зависит будущее страны. Біз біреміз!

Сауле АТАБАЕВА,
профессор кафедры биотехнологии

Патриотизм – это уважение к своим предкам, любовь и проявление терпимости к другим национальностям, проживающим на данной территории, желание помогать им, отучать от всего дурного.

Важнейшим фактором воспитания патриотизма является язык. Без уважения к своему языку, к национальным духовным традициям невозможно формирование духа ново богатой личности с развитым патриотическим чувством. Еще один аспект жизни нашей страны, это ее многонациональность. В Казахстане в силу исторических причин сформировалось многонациональное общество, народы которого живут в мире и согласии много

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың медицина және денсаулық сақтау факультетінде медицина кадрлары мен денсаулық сақтау мамандарын талап ететін жаңа формадағы ғылыми бағыт жолға қойылған. Сол арқылы қоғамдық сұраныстарға жауап беру – басты міндет. Факультеттегі денсаулық және қоршаған ортаны ғылыми-зерттеу зертханасының қызметкерлері сыртқы орта мен жұмыс процесіндегі факторлардың адам денсаулығына әсерін зерттеумен айналысады.

ұйым. Көптеген жылдар бойы «Қазгидромет» ауада кездесетін барлық РМ бөлшектерінің жалпы санын анықтап келді, тек соңғы кездері ғана РМ_{2,5} бөлшектеріне мониторинг енгізді. Дегенмен Алматы қаласы бойынша орнатылған 16 бекеттің бесеуі ғана осы мақсатта жұмылдырылған.

қауіп-қатердің алдын алуға бағытталған тиімді бағдарлама құруға кедергі болуда.

– Сондықтан Қазақстандағы қалаларға заманауи зерттеу әдістері мен модельдеу құралдарын пайдалана отырып ауа құрамына кешенді талдау жасалуы қажет. Бұл зерттеу жұмысында Алматы

дау мен көпайнымалы факторлық талдау әдісі (PMF) қолданылады. Аталмыш екі қаланы қоса алғанда, тұрғылықты азаматтардың саны 3 миллионнан асады. Бұл туристер мен қала қонақтарын есепке алмағандағы көрсеткіш. ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу лабораториясындағы жұмыстар тек гигиеналық жұмыстармен шектеліп қалған жоқ. Өйткені жобаға қызмет етуші мамандар Қазақстанда алғаш рет кәсіби міндеттерін атқару барысында обструктивті созылмалы өкпе ауруларының пайда болу қаупін анықтау мақсатында популяциялық зерттеулер (International Journal of COPD басылымында жарық көрген) жүргізді, – дейді ол.

Сараптама нәтижесінде зертхана мамандары шаң, бу, газ бен түтін бөлінетін орындарда жұмыс істеу обструктивті созылмалы өкпе ауруларына шалдығу қаупін 1,71 есеге арттыратынына көз жеткіздік.

– Бұл көрсеткіште темекі шегу, физикалық белсенділік, адамның жасы мен жынысы және әлеуметтік-экономикалық статусы секілді осы дертті туғызатын негізгі факторлар ескерілмеген. Ғылыми-зерттеу лабораториясындағы қызметкерлер негізінен жұмыс орындарындағы ауаның ластануы бағытында көптеген жұмыстар атқарады. Дегенмен еңбек медицинасы және тыныс алу патологиясы саласында басқа да зерттеулері жоқ емес, – дейді Денис Винников.

Мәселен, қазіргі уақытта зертхана қызметкерлері төмендегідей ғылыми жобаларға қатысады: Респираторлық денсаулық көрсеткіштерін зерттеу мен өрт сөндірушілердің кәсіби қызметімен қауымдастық; Алматы қаласы тұрғындары арасында обструктивті созылмалы өкпе ауруларының таралуы мен кәсіби міндеттерін атқару себебінен ауруға шалдығу қаупіне популяциялық зерттеу жүргізу; Еуропалық респираторлық қоғамның және торақалды респираторлық қоғамның жұмыс тобы шеңберінде респираторлық аурулардың пайда болуы үшін кәсіби факторлардан келетін залалға жүйелі шолу жүргізу; Темекіге тәуелділікті емдеуге арналған қутизиннің тиімділігі мен қауіпсіздігін жүйелі түрде шолу және металдау; Қатты отынды жағу нәтижесінде қыста ластанған ауа жағдайында «таза» жұмыс орындарында РМ₁₀ қалқыма бөлшектеріне экспозицияны зерделеу; Алматы қаласындағы жылыту маусымымен және қатты отынды жағумен байланысты ауаның РМ_{2,5} қалқыма бөлшектерімен ластануын мониторингілеу және т.б.

Осылайша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жаңа ғылыми бағыт – медицина мен денсаулық сақтау саласы табысты дамып келеді. Сондай-ақ ғылыми-инновациялық қызметке және қарашаңырақты зерттеу университетіне айналдыруға өз үлесін қосуда.

Экожүйені жақсартудың алғашқы қадамы

Кәсіби стресске ұшырау, популяциялық тұрғыда тыныс алу ауруларын зерттеу арқылы қоғамдық денсаулық саласында қол жеткізген нәтижелер жетерлік. Дегенмен жекелеген өндіріс түрлері мен технологиялық процестер жүретін жұмыс аймағының ауа сапасын талдауға басымдық беріледі. Зертхана қызметкерлері 2020-21 жылдары жұмыс орындарындағы ауа сапасын бағалау және терең математикалық талдауға негізделген бірнеше жұмыстар жариялады.

Зертхана қызметкерлері металл конструкциялары зауытында металл бұйымдарын өндіру кезінде ауадағы РМ_{2,5} бөлшектерінің массалық концентрациясына салыстырмалы талдау жасаған болатын. Нәтижесінде биыл ғалымдардың сараптамалық жұмысы Occupational and Environmental Medicine журналында жарияланды. Денсаулық және қоршаған ортаны ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі Денис Винниковтың айтуынша, зерттеу нысаны ретінде плазмалық кесу, станоктарда бөлшектер жасау, металл конструкцияларын дәнекерлеу және құрастыру секілді төрт өндірістік процесс алынған. Оның ішінде плазмалық кесу кезінде металл аэрозолі ең көп бөлінетіні дәлелденді. Осы процесте бір минуттағы максималды концентрация көрсеткіші – 8,551, ал барлық үлгілердің геометриялық орташа мәні 1,727 мг/м³ болды. Металл аэрозолінің мұндай жоғары деңгейі жұмысшылар арасындағы тыныс алу және жүрек-қан тамыр ауруларына мониторинг жасап отыруды қажет етеді.

– Бұл жұмыс тағы бір зерттеуде жалғасын тапты. ҚазҰУ ғалымдары аталмыш өндіріс орнындағы азоттың монооксидінің (NO) деңгейін өлшеп, спирометрия жүргізді. Азоттың монооксидін қабынудың маркері ретінде қарастыруға болады. Бұл маркердің ең үлкен концентрациясы плазмалық кесу операторларында емес, дәнекерлеушілерде анықталған. Демек, қосымша зерттеу жүргізуді қажет етеді, – дейді зертхана меңгерушісі.

Ғылыми-зерттеу лабораториясының қызметкерлері көмір жағудан туындайтын аэрозольдің кәуап пісірушілерге тигізер зиянын зерттеді. Арнаулы сараптамалық жұмыстың нәтижелері



Journal of Exposure Science and Environmental Epidemiology басылымында жарық көрді. Сараптама нәтижесі көрсеткендей, барбекю жасайтын жердегі ауа құрамында РМ_{2,5} бөлшектерінің концентрациясы өте жоғары екені анықталған. Мамандар бірауыздан кәуап дайындайтын аспаздардың тыныс алу және жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдығу мүмкіндігі басым деген қорытындыға келіп отыр.

«Қазгидромет» ұлттық гидрометеорологиялық қызметі – еліміздегі ауа ластануына тұрақты мониторинг жүргізетін ресми

Бұл толық картинаны көру үшін жеткіліксіз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы елімізге қатысты мұндай зерттеулер жүргізбейді. Сол себепті Қазақстандағы ең ірі қалаларда ауаға бөлінетін қалдықтардың арасындағы күрделі байланыстар ғылыми тұрғыда зерттелуі тиіс. Сонымен қатар метеорология мен атмосферадағы химиялық өзара әрекеттесулер де ғалымдардың назарынан тыс қалмауы қажет.

Д.Винниковтың айтуынша, мәліметтердің жеткіліксіздігі қоршаған ортаның дәл қазіргі ахуалына лайықты баға беріп,



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫ ЕЛІМІЗГЕ ҚАТЫСТЫ МҮНДАЙ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗБЕЙДІ. СОЛ СЕБЕПТІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ІРІ ҚАЛАЛАРДА АУАҒА БӨЛІНЕТІН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ КҮРДЕЛІ БАЙЛАНЫСТАР ҒЫЛЫМИ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕЛУІ ТИІС. СОНЫМЕН ҚАТАР МЕТЕОРОЛОГИЯ МЕН АТМОСФЕРАДАҒЫ ХИМИЯЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУЛЕР ДЕ ҒАЛЫМДАРДЫҢ НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛМАУЫ ҚАЖЕТ.

және Нұр-Сұлтан қаласындағы РМ_{2,5} бөлшектерін ауаға таратып отырған негізгі көздері анықталады. Сондай-ақ жобаға сай, ең жаңа ғылыми дәлелденген бағыттар, оның ішінде химиялық тал-

Инновациялық даму проблемаларын зерделеуші

Дүниежүзілік ғылыми қауымдастық алдында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мәртебесін биіктетіп, ғылыми жобалардың халықаралық деңгейде жүзеге асуына себепкер болып жүрген – университетіміздің жас ғалымдары. Экономика және бизнес жоғары мектебі Экономика кафедрасының доценті міндетін атқарушы Әзиза Жұпарованы осы топтың қатарынан көреміз.

Ол Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қаржы» мамандығы бойынша 2009 жылы бакалавр, 2011 жылы магистр дәрежесін алды. Ал 2014 жылы қара шаңырақта «Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы» бойынша PhD докторантураны тамамдады. Сондай-ақ 2015 жылы аталмыш бағыт бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесіне ие болған.

Елдегі инновациялық даму проблемалары мен ғылымды қажетсінетін экономиканың қалыптасуы Әзиза Серікқызының ғылыми қызығушылығын оятты. Өйткені ғылымды тірек ететін экономика құру Қазақстанның

әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру тұжырымдамасындағы басым бағыттардың бірі болатын. Себебі бұл ғылыммен астасып жатқан өндіріс орындарының әлеуетін арттыруды талап етеді. Мұндай технологиялар қазіргі уақытта елдің технологиялық кешені мен халықаралық жоғары технологиялар нарығының кірігуіне негіз болмақ. Сонымен қатар мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің кепіліне айналып отыр.

Ғылыми инфрақұрылымды нақты толық қаржыландырмау ғылымға арқа сүйейтін өндірістерді дамытуға теріс әсер етеді. Осылайша аталған өнеркәсіп



орындарын қаржыландырудың тиімді әдістері мен құралдарын зерделеу жас ғалымның бойында ерекше қызығушылық тудырады.

Әзиза Жұпарова докторантура оқып жүріп, «Қазақстанның инновациялық қызметінің тиім-

ділігі», TEMPUS «QUEECA» жобасы, «Қазақстан Республикасында ғылымды қажетсінетін экономиканы дамыту: теория, әдістеме және практика», «Қазақстан өңірлеріндегі жасыл экономиканы дамыту: әлеует, үрдістер мен перспективалар», «Қазақстандағы инновациялық компаниялардың әлеуметтік-экономикалық даму процесін зерделеу негізінде оқу кейс-стадияларын әзірлеу және апробациялау» атты ғылыми жұмыстарға белсене араласты. Әзиза Серікқызы – 2018 жылдың ақпан айынан бастап «Қазақстандағы ғылымды қажет ететін өндірістерді қаржыландырудың тиімді әдістерін әзірлеу» тақырыбындағы ғылыми жобаның жетекшісі.

Ол сондай-ақ ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялардың белсенді қатысушысы. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда республикалық және халықаралық конференция

материалдарында 20-дан астам жарияланымдары жарық көрді. Осыған дейін ол Малайзия халықаралық ислам университеті (International Islamic University of Malaysia) мен Лейпциг университетінде (Германия) ғылыми тағылымдамадан өтті. 2015 жылы Нью-Дели университетінде (Үндістан) жоғары рейтингті журналдарда ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми жұмыстарды жариялау мәселесі бойынша білім алды. Сонымен қатар Әзиза Жұпарова IELTS сертификатының иесі және эконометрика, статистикалық талдау мен SPSS және GRETL бағдарламаларында жұмыс істеу бойынша оқыту курсынан өткен. Ағылшын тілін жетік меңгерген жас ғалымның біліктілікті арттыру бойынша үнемі жұмыс істейтін осыдан-ақ байқауға болады. Табиғи ғана емес, ғылыми байлығымызбен де мақтана алатын болашақты құру – басты мақсатымыз.

Халықаралық ғылым интеграциясына субелі үлес қосып жүрген жас ғалымдарымыз жетерлік. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дағы тарихи тұлғалардың ізін жалғаған сондай жанның бірі – Бекжан Қосалбаев. Ол – «Биотехнология» мамандығы бойынша философия ғылымының докторы (PhD), микробиолог.

Жас ғалым 1993 жылы Түркістан облысының Бәйдібек ауданы Ақбастау ауылдық округінің Тұрақты ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Биология» мамандығы бойынша білім алып, оқуын магистратура және докторантура жалғастырды. Осылайша 2021 жылы аталған оқу орнында PhD докторы дәрежесіне ие болып, университеттің жас ғалымы марапатын жеңіп алды. Бүгінде Бекжан ғылым жолына жаңадан қадам басқанына қарамастан, Scopus базасында 1-квартильге кіретін төрт халықаралық журналға жарияланған мақалалардың бірінші және екінші авторы.

Қазіргі таңда жас ғалым бактериялар мен цианобактериялар негізінде сутек және биотыңайтқыш алу салалары бойынша қарқынды түрде зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Болашақта әлемге танымал ғалым болуды мақсат етіп отыр.

Бекжан Дүйсенбіұлының ғылыми жолын әлем картасы дерсің. Өйткені жас ғалым өзінің ғылым жолын шетелдерге жасаған тағылымдамаларда қалыптастырады. Магистратура және докторантура дәрежесін алу барысында жас ғалым Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай елдерінде диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу жасайды.

МИКРОБАЛДЫРЛАРҒА ЖАСАЛҒАН ТӘЖІРІБЕ

Магистр дәрежесін алу үшін жас ғалым 2016 жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Биофизика кафедрасында тағылымдамадан өтеді. Онда Бекжан микробалдыр-

Шетелдік тағылымдамалар шындай түсті

лардың клеткаларына ауыр металлдармен әсер ете отырып, фотосинтез процесінің активтілігін тіркеу жұмыстарын AquaPen аппараты арқылы зерттейді. Сонымен қатар зерттеу жұмыстарында хлорофил А пигментінің қоректік ортадағы өзгерісін зерттеп, фотосинтездің ауытқуын әртүрлі параметрлерді зерттеу арқылы тіркеу әдістерін меңгерді. Тағылымдама соңында Бекжан кафедра профессоры Д.Н.Маториннің оң пікірін алып, ғылымға деген жігерін шындап келді.


ТОПЫРАҚСЫЗ КӨШЕТ АЛУ ЖОЛДАРЫ

Жас ғалымның Оңтүстік Кореядағы тағылымдамасы 2016-17 жылдары Данкук университетіндегі Биотехнология лабораториясында өтеді. Бұл жерде Бекжан Қосалбаев картоптың вируссыз көшеттерін in vitro (пробиркада – авт.) жағдайында өсіру технологиясын меңгереді. Лабораториялық тұрғыда топырақсыз ортада өсетін алма, құлпынай және қызанақтың көшеттерімен жұмыс жасап, ірі жылыжайларда бірнеше рет зерттеу жұмыстарына қатысады.



Данкук университетіндегі Биотехнология лабораториясында алма көшеттерінің филогенетикалық анализін жасау сәті

Тағылымдама соңында Бекжан Қосалбаев профессор Сан Гуттан барлық әдістерді игергенін растайтын оң пікір алып қайтты.



Синехоцистис модельді цианобактерия дақылдың сутек бөлу көрсеткіштерін газ хроматограф құрылғысында зерттеу сәті

БИОСУТЕК ӨНДІРУ ӘДІСТЕРІ

Жас ғалымның күншығыс еліне сапары докторантура тағылымдамасы негізінде жүзеге асты. Иссапар 2019 жылы Токио ғылыми университетінің Томо лабораториясында жүргізілген еді. Ондағы мақсат – цианобактериялардың


Қазақстанның әртүрлі экожүйелерінен бөліп алып, коллекциялық штамдармен қосып, олардың H₂ бөлу қабілеттіліктерін анықтау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар тағылымдама барысында жас ғалым екі активті штамды таңдап алып, олардың FC1 айналасындағы электрондар тасымалын анықтап, пигменттік құрамына толық баға берді.

Иссапар соңында Бекжан Қосалбаев нәтижелерге сүйене отырып, Q1 дәрежесіне кіретін International Journal of Hydrogen Energy халықаралық журналына қолжазбаны дайындап, жариялады. Тәжірибе алмасу соңында профессор Томо Татцүя қолынан тағылымдаманы сәтті аяқтағаны туралы сертификат алады.

ӨНЕРКӘСІПТІК СИНТЕТИКАЛЫҚ БИОТЕХНОЛОГИЯ

Жас ғалым 2019 жылы Қытайдың Тянь-Зинь қаласы ТІВ институтына қажетті шарттарын орындап, тағылымдамаға қатысу туралы өтініш жібереді. Нәтижесінде әлемнің 150 ғалымының

арасынан жеңіп шығып, осы курсқа жолдама алғаны туралы хабарлама алады. Барлық шығынды шақыртушы жақ қамтамасыз еткен. Оқу курсында өнеркәсіптік синтетикалық биотехнологияның теориясы, практикасы және қолдану мәселелері қарастырылды.



ТІВ CAS лабораториясы

Тәжірибе соңында ҚазҰУ мен ТІВ арасында студенттер алмасу және дәріс оқушы профессорлар тұрғысындағы қарым-қатынас жасау туралы меморандумға қол қойылып, Жибин Сун профессордың қолынан курсты аяқтағаны туралы сертификатпен марапатталады.

БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ

2017 жылы «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған Астанадағы ЕХРО-2017 шеңберінде «Биодизель алу мақсатында фотобиореакторларда микробалдырларды жаппай өсіру және мониторингілеу» жобасына Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Болатхан Заяданның басқаруымен қатысты. Ол жерде микробалдырлардың көптік биомассасын дақылдау жұмыстарын жасады.

I was interested in the culture and the people here

"Greetings! My name is Tsendragchaa Myanganbayar and I'm from Ulaanbaatar, Mongolia. I grew up in a loving family with 3 siblings and two caring parents. I am a graduate of "New Era International School". I am a freshman in Chemistry and Chemical Technology faculty majoring in Chemical Engineering.



I was given this great opportunity to visit this country just after I've read an article on a news site, about how Kazakh people care for their younger generation's education. So, I thought, "Maybe I will have a great time studying there!" and I applied for a government scholarship, and luckily enough I got it.

This is my first time ever in Kazakhstan and I am enjoying every part of it. Like, the weather is just perfect for me and the

people here are also very nice. All the staff from the faculties are also very sociable and caring, always ready to help whenever I am in need for one. Also, the city is really big, like the people's heart.

My professors and classmates are all lovely people. The one thing I really love about KazNU, specially in my faculty is that the community here is very welcoming.

A lot of people asked me why I chose KazNU or Kazakhstan to do my bachelor's. Well, I don't have a very grandiose reason for it. I just like how Mongolia and Kazakhstan are similar and I wanted to see it for myself. Basically, I was interested in the culture and the people here.

The one thing I am struggling with is the language barrier, so I will do my very best to

learn the language as soon as possible.

I am really looking forward to studying here and making many new friends.

Tsendragchaa MYANGANBAYAR

P.S.

I have known Tsendragchaa for several months now and he has been a good friend since then. He excels in his academic performance. Beyond his academic excellence, he is a talented person. Tsendragchaa can play guitar, piano and is a good singer. Moreover, he is a very considerate person and has good manners. Whenever you need help, you can always reach out to him and he does his best to help you. We get to communicate with him in English because he cannot speak in either Kazakh or Russian. That's why he is huge help to improve our spoken English. He deserves more kind words about him and we all appreciate that he is our groupmate.

Nuray ARYSTANOVA,
101 English group student,
Faculty of Chemistry and
Chemical Technology

Once I was lucky to be a student of "spets groupy" at Physics faculty

Everyone, who is directly involved in teaching, knows that it is a rather difficult task to implement a program where the language of instructions is the English language only.



These processes are rarely going smoothly and without major compromises between the quality of education and the readability of materials. Most often, the students and teachers are falling behind almost all foreign language requirements in teaching and start using their native languages to clarify and confirm questions about class and teaching materials, and understand instructions for everyday tasks and exams.

One of the academic alternatives to this situation was the program which once existed during the Soviet period at Physics faculty. The program was called "spets groupy" with extended hours of teaching English. I can definitely say that I was happy, together with the other selected students, to be admitted to this program based on my highest grades for entrance exams. The program was one year longer than the regular 4 years, and instead of teaching us all physics classes in English, we were given the extra classes of English.

We were lucky to have the best mentors and English teachers in our students' lives as well the other professionals in physics, math, history, philosophy, et cetera, who were doing the best jobs they can do while complimenting each other. Many of these teachers are still working in our department and are very productive in teaching and administrative work. Under their supervision and initiative two years ago was created the official TOEFL test center for our students, teachers, and everyone else from our country and abroad who is required to pass this exam.

As a result, we were prepared for many challenges of professional life with deep and sound knowledge of English and Physics. In the light of the current development in educational programs, it may be beneficial to return to such practice.

Arman KUSSAINOV,
PhD, candidate of technical sciences,
Senior lecturer, Physics and
Technology Department

SOME LIFE QUOTES:

- «Life isn't about finding yourself. Life is about creating yourself.» George Bernard Shaw
- «Many of life's failures are people who did not realize how close they were to success when they gave up.» Thomas A. Edison
- «If you want to live a happy life, tie it to a goal, not to people or things.» – Albert Einstein

Master's Conference -2022 "Current trends in interdisciplinary issues"

Every year in mid-March, the Department of Foreign Languages of al-Farabi Kazakh National University holds a scientific and methodological conference of fledgling scientists and master course and doctorate students. The very name of the conference "Current trends in interdisciplinary issues" suggests the interdisciplinarity of scientific results.



Holding students' conferences is always beneficial. The conference serves as a platform for the exchange of ideas and scientific developments between researchers from different fields of science. The main goals and objectives of the conference are to stimulate the research and educational activities of students, to attract students and young scientists to solve scientific problems, to develop the creative abilities of the most talented and gifted students and to promote the formation of the intellectual potential of young people.

This year it was decided to give the conference an international scope. Due to some restrictive measures still in place to prevent the spread of COVID-19 the conference was held in online regime. The conference par-

ticipants were happy to welcome Professors Patricia Gilman, Paul I. Minnis (Oklahoma University, USA), Christopher Korten (MGIMO, Russian Federation), Kurshat Jesur (University of Canakkale Onsekiz March, Turkey) and guests from Kirgizia.

The plenary session of the conference was solemnly opened by the Dean of the Faculty of Philology, Doctor of Philology, Professor B.U. Dzholdasbekova, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Foreign Languages A.A. Muldagaliyeva and head of the Department of Foreign Languages D.D. Dosmagambetova, who wished the conference fruitful work and constructive scientific dialogue and discussion.

After the plenary session, the conference continued its work in three sections by branches of science: physics and technical sci-

ences and technologies, natural sciences, social sciences and humanities, where the conference participants presented their research findings, shared their ideas and opinions, exchanged views and discussed topical issues.

A distinctive feature of this conference was that most of the speakers presented the results of their work in English.

Following the results of the breakout sessions, the moderators noted the reports of the participants who distinguished themselves not only by their excellent command of the English language, but also by the most fully revealing the essence of their research and clearly presenting the results of their research to a wide audience.

Thus, the reports of the following master course students and young scientists aroused particular interest among the audi-

ence and the speakers managed to successfully convey the essence of very complex issues under study:

Arystanova Nurai "Sociolinguistic analysis of Kazakh kinship terms", Mammadgasanova Gamyar "Peculiarities of aggression in adolescence", Khasibulla Mohammadi "Ensuring and protecting human rights, civil rights and freedom in Islamic legal doctrine", Mukhtarova Azhar, Zaynolda Nesibeli "Case study: A Comparison of Kazakh and Japanese Etiquette", Tolepbergen Arsen "Calculation of the concentration distribution for a three component gas mixture in a diffusion channel with different thermodynamic parameters", Embergen Magzhan "Impact of Physics Olympiad on education", Mukhamedali Bekzat "Game development and its relation to Kazakhstan", Tokhtarova Madina "Modeling and Development of the Implementation of SMM Marketing in the work of the company", Vaidman Nadezhda "The study of the star SDSS J150722.30 + 523039.8".

We would like to thank all the participants of the conference and express hope that this event will give a fresh impulse to further achievements in their scientific research activities.

G.K. KULZHANBEKOVA,
Department of Foreign
Languages



Prepared by
Aizhan MULDAGALIEVA

Төрт тілді тең меңгерген

Халықаралық ынтымақтастық аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасын сәтті жүзеге асыруда. ҚазҰУ – халықаралық стандарттарға сәйкес жоғары білімнің сапасын қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілеттілігін арттырып жатқан бірден-бір оқу ордасы. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында университетіміздің студенттері тағылымдамадан өту арқылы білім алуда және ғылыми іс-шараларын жүзеге асырып жатыр. Осы орайда, филология факультеті Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының 4-курс студенті Нұрсұлу Сағымбаева өз тәжірибесімен бөлісті.



ақылдасып, кеңестім. Солардың бірі, лингвистикадағы зерттеу әдістері пәнінің жетекшісі Каролина Кулиговска өзімен бірге компьютерлік лингвистика тақырыбында зерттеу жазуды және оны ақпараттық қауіпсіздікте қолдануды ұсынды. Ұстазымның ұсынысын қабыл ала отырып, зерттеуді бірге сәтті жазып шықтық. Шетелден еліме білім қорын жинап, тіл үйреніп, әсерлі эмоцияларға толы күй-

Кейіпкеріміздің бала күннен бергі көп тіл үйренуге деген мақсат-мұраты ҚазҰУ-ға, Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасына оқуға түсуіне себепші болды. Бүгінде ол қазақ, орыс тілдерінен бөлек, ағылшын, поляк тілдерін жетік меңгерген.

– ҚазҰУ-ға оқуға түскен алғашқы курстың соңында келесі жылға «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасымен құжаттар тапсыруға бел байладым. Менде IELTS деңгейі – 7.5 және GPA жақсы деңгейде болатын. Бұл ҚР БҒМ грантын алу үшін әрі шетелде 120 күн тағылымдамадан өтуге жеткілікті көрсеткіш болды. ҚазҰУ-дың шетелдік серіктес жоғары оқу орындары арасынан Варшава университетін таңдадым. Себебі аталмыш оқу ордасының білімі сапалы және тағылымдамадан өту мерзімі ең ұзақ болды. Сонымен қатар Польшадағы күнкөріс қамы Батыс Еуропаға қарағанда әлдеқайда арзан және мәдениеті мені бұрыннан қызықтыратын, – дей келе, ол Варшавада өткен оқу семестрі туралы пікірін де айтып өтті. Студенттер арасындағы бәсекелестік пен шынайы қызығушылық атмосферасы сезілгенін тілге тиек етті. Варшава

университетінде ол өзіне когнитивті лингвистика, аналитикалық философия, тіл және халықаралық қатынастар сияқты пәндер ұнағанын айтты. Оқудан басқа уақытта Нұрсұлу Нұрланқызы пікірталастарға белсенді қатысып, шетел азаматтарымен танысып, саяхаттап, поляк тілін терең меңгеруге уақыт жұмсаған.



– Варшава университетінде «Лингвистикадағы зерттеу әдістері» (Text Mining) және «Прагматикаға кіріспе» (Social Media Mining) т.б. пәндерді таңдадым. Мен шетел профессорларымен барынша көбірек


де оралдым, – дейді студент өзінің шетелде алған тәжірибесі туралы ойын ортаға салып. Ол өзінің болашақта қай саланы жалғастыратыны туралы бүгінге дейін көп толғанып айтты. Мәселен, оның қызығушылығын оятқан – когнитивтік ғылымдар, машиналық оқыту, data science және компьютерлік лингвистика салалары. Нәтижесінде ол компьютерлік лингвистикаға тоқталып, осы бағытта магистратураға түсуге шешім қабылдағаны жөнінде сөз қозғады.

– Компьютерлік лингвистика тілдік және техникалық білімді қажет етеді. Машинаны сөйлеуге, түсінуге үйрету өте қиын. Компьютерлік лингвистика – дауыстық көмекшілер, чатботтар, машиналық аударма технологиялары, мәтіндерді автоматты талдау және т.б. сияқты міндеттерді орындай алады. Талаптарға сай әрекет етіп әрі тақырыпты көбірек түсіну үшін мен статистика, бағдарламалау, жоғары математикаға қатысты онлайн курстарға қатыса бастадым. Компьютерлік лингвистика бойынша магистратураға түсу үшін маған кейбір тақырыптар бойынша академиялық тәжірибе жетіспейтінін түсіндім. Сол үшін тағы да Варшава университетінен академиялық ұтқырлық арқылы тағылымдамадан өтуге ниеттімін. Өйткені компьютерлік лингвистика өте қызықты, күрделі және үнемі дамып келе жатқан сала, – деген Нұрсұлу Нұрланқызы «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасымен шетелден тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік сыйлаған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығына, ұстаздарына алғысын білдірді. Ол шетелден білім мен тәжірибе жинақтау арқылы болашақта еліне қызмет ету басты борышы екенін де жасырмады.

■ Жауқазын жыр

Журналистика факультетінің 3-курс студенті Энел Аянқызының өлеңдері ерекше иірімдерге толы. Өзге сұрлеуде, соны бояуда жырлайтын жас ақын болашағынан зор үміт күттіреді. Лирикалық тақырыпты өлеңге қосқан бөгенайы бөлек жас шайырдың өлеңдері оқырман көңілінен орын табады деген ойдамын. «Теңіздің дәмі – тамшыдан» білінетіні анық, демек, көңілге қонған осы бір өлең жолдары арқылы өзге жырлары да жоғары деңгейде жазылғанына сенім ұялайды. Әрине, поэзия тұтастықпен өлшенеді. Сондықтан жас ақын талмай, жалықпай іздене беруі тиіс. Сәт-сапар тілеймін!

Бауыржан ӘЛҚОЖА,
ақын, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері, Халықаралық «Шабды» фестивалінің, Қазақстан жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты



Моңындау

Иә, мен көрмедім.
Көрмегем Лондонның жауынын,
Монреаль дауылын,
Тіпті мен Мәскеуде болмағам.
Тонбағам Фрейзердің түнінде,
Күнінде Рионың жанбағам.
Көрмедім Париждің шамдарын,
Алқызыл таңдарын.
Болмағам соншалық жырақта,
Бірақ та, көрдім мен...
Ақ басты Алатау бөктерін,
Көктемін ғажайып Көкшенің,
Толқыған Балқаштың балығын,
Толқыды жүрегім,
Жағасын көргенде Іленің,
Қызылжар даласын,
Жайлауын Жидебай жақтардың,

Жемісін жайқалған бақтардың,
Тараздың тымырсық түндерін,
Торғайдың жел ескен күндерін,
Бөкендер жататын жаралы,
Шер тұнған шөжірелі даланы,
Қаланы құшатын ерке Есіл,
Әсеттің ән салған өлкесін,
Ер Түрік бесігін,
Елімнің шығысқа шығатын есігін,
Алматы ақшамын,
Бау менен бақшаның ордасын,
Көргенмін, жолдасым.

Сен маған көрмедің демегін,
Көрмедің демегін, себебі –
Елімнің әр тасын танымай
Картасын алмаймын қолыма
шетелдің,
Қазақтың өз жерін аралап
болғасын,
Кетермін қыдырып, жолдасым...

Энел АЯНҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

Жетістіктер бастауы – Ұлттық университет

Ақжарқын Күнтуғанқызы – Моңғолия мемлекетінің азаматшасы, Баян-Өлгей қаласының тумасы. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының 1-курс магистранты.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсу әрбір жастың арман-мұраты. Бәрінің басына қона бермейтін мұндай бақ менің өміріме үлкен өзгеріс алып келді. Университет табалдырығын аттаған күннен бастап «Білімді студент – білікті маман» деген қағиданы ұстанып, талмай ізденіс үстінде жүрдім. Барлық сабаққа ынтымақпен қатысып, оқытушылардың үмітін ақтауға тырыстым. Университетімізде өткізілетін мәдени іс-шараларға белсенді қатысу мен үшін таптырмас рухани байлық болды. ЖОО-лар арасында және университетіміздегі әрбір жобаға қатысу барысында көптеген тәжірибе жинақтадым, – дейді филология факультетінің магистранты.

Ол білім ордасында білім ғана алып қоймай, жан-жақты байқауларға қатысып, университет намысын қорғап жүр.

Өткен жылы қандас студенттердің арасында білімді, талантты және үздіктерді анықтау мақсатында жүргізілген «Үздік қандас студент» жобасына қатысып, бас бәйгені иелену бақыты бұйырған. Сондай-ақ Елбасы Н.Назарбаевтың қолдауымен жүргізілетін шетелдегі қандастарға арналған «Қазақстан – ата-жұртым, қасиетім – ана тілім» тақырыбындағы «Дарын» халықаралық олимпиадасының үш дүркін жеңімпазы. Былтыр Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Bilim-orkenietі» және Үздік студенттер академиясының ұйымдастыруымен өткізілген «ТМД-ның үздік түлегі» атты халықаралық жобасының үздігі атанды. «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен түркі мемлекеттері арасында өткізілген «Түркі әлемінің үздік студенті-2021» халықаралық байқауының жеңімпазы. Ол өзінің



осындай жетістіктерге жетуіне бірден-бір себепші ілім алып жатқан білім ошағы екенін жеткізді.

– ҚазҰУ білім саласында көптеген жетістіктерге жетуіме, жасырын қабілеттерімнің көрінуіне септігін тигізді. Оқу ордасында спортқа да қызығушылығым оянды. Мәселен, шахмат, дойбы ойнау сүйікті істерімнің біріне айналды. Студенттік өмірім мағыналы әрі қызықты жалғасуда. Бос уақытымды кітап оқуға, әдеби, мәдени іс-шараларға қатысуға,

театрға баруға, тауға шығуға, киім тігуге арнаймын. Осы іспетті хоббиарым менің тұлға ретінде қалыптасуыма септігін тигізіп жатыр. Білім мен тәрбиесін ұштастыра берген университетіміздің ұстаздарына алғысымды білдіремін. Мен үшін «ұстаз» деген ұлы есімді алу – үлкен бақыт. Әсіресе қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің ұстазы атану – мендегі рухани байлықты одан әрі дамыта түсері анық. Себебі әдебиет таласы – теңізге шашылған меруерт-маржандай. Жарқ-жүрқ еткен меруерт-маржан теңіздің түпсіз-терең, тұңғыбында жатса да, оған «әркімнің-ақ бар таласы» (Абай). Дәл сол меруерт-маржандай әдебиет саласының асыл мұрасын әрбір жан баласы зерттеп, ұлттық құндылықты бойына сіңіріп, үлгі-өнеге алуды көздейді. Мен де сол білімнің жақұтын барына бойыма сіңіріп, келер ұрпақпен бөлісем деймін. Бұл менің болашақ педагогтік борышым, – деп қандасымыз сөзін қорытындылады.

«Әл-Фараби-2022» халықаралық олимпиадасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дарынды оқушыларға қолдау көрсету мақсатында Қазақстан және ТМД елдерінің, сонымен қатар таяу және алыс шетел білім беру ұйымдарының 11-сынып оқушыларына арналған жыл сайынғы «Әл-Фараби» халықаралық олимпиадасын өткізеді.



Шара Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының қолдауымен жүзеге асады.

Олимпиада жеңімпаздары ҚР БҒМ І, ІІ және ІІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес, ЖОО-ға түсу кезінде басым құқыққа ие болады. Сонымен қатар жүзден жүйрік шыққан жеңімпаздарға ҚазҰУ гранты табысталады.

Олимпиада үш кезеңнен тұрады: 1-ші және 2-ші кезеңдер on-line түрде www.kaznu.kz сайтында <http://online-test.kaznu.kz> сілтемесі арқылы өтеді.

Олимпиада келесі пәндер бойынша өткізіледі: ағылшын тілі, биология, дүниежүзі тарихы, география, информатика, Қазақстан тарихы, қазақ тілі және әдебиеті,

математика, неміс тілі, орыс тілі және әдебиеті, физика, француз тілі, химия.

Олимпиадаға тіркелу 25 наурыз бен 15 сәуір аралығында <http://online-test.kaznu.kz> сілтеме арқылы онлайн түрде жүргізілетінін мәлімдейміз.

Қазақстандық оқушылар үшін 1-кезең 15-16 сәуірде (сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін), 2-кезең 26 сәуірде (сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін) Нұр-Сұлтан уақыты бойынша онлайн режимде өткізіледі.

ТМД елдерінен, сондай-ақ жақын және алыс шетелдерден қатысатын білім беру ұйымдарының тұлғалары үшін 1-кезең 18 сәуірде (сағат 15:00-ден 16:00-ге дейін) Нұр-Сұлтан уақыты бойынша, 2-кезең 26 сәуірде (сағат 15:00-ден 16:00-ге дейін) Нұр-Сұлтан уақыты бойынша) онлайн режимде өткізіледі.

Екінші және үшінші кезеңге 23 және одан жоғары

балл алған қатысушылар өтеді.

Қазақстандық оқушылар үшін 3-кезең 5-6 мамыр күндері офлайн форматта университет базасында өтеді. Олимпиаданың жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша 3-кезеңнің тапсырмалары теориялық және практикалық есептер түрінде болса, ал жалпы гуманитарлық бағытта эссе жазу және университеттің зертханалық кешендерінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша теориялық сұрақтарға жауап беруден тұрады.

Шетелдік оқушылар үшін 3-кезең мамыр айының 5-і күні (Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15:00-17:00 аралығында) скайп арқылы онлайн түрде өтеді.

Байланыс телефоны:
377-33-30; 377-33-33;
ішкі нөмір 33-66

ҚазҰУ колледжі Әз Наурызды қарсы алды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі жер жаңарып, бүкіл тіршілік иесі қайта түлейтін шақтағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын атап өтті.



Айтулы шараға жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Марат Әмірханов пен колледж директоры Райхан Нұрқанова білім алушыларды асыға күткен Наурыз мейрамымен құттықтап, іс-шараны ашып берді.

– Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. «Ұлыстың ұлы күні» деп аталған Наурызда денсау-

лықтарының мықты, тілеген тілектерінің қабыл болып, келіп жеткен жаңа жылмен бірге еліміздің, жаңа Қазақстанның болашағы – сіздерсіздер, – деп, әрі қарай білімдерін жетілдіре беруге тілек білдірді.

Бұдан кейінгі кезекте 1-курс студенттерімен бірге Наурыз тойына ән мен

жырдан шашу шашып, өнерлерін көрсетті. Колледж студенті Бекенай Дінмұхамед Наурыз тойына арнап шығарған жүрекжарды жырымен тамсантты. Сондай-ақ тәлімгерлеріміз «Амал келді – жыл келді» атты қойылымын көрермен назарына ұсынды. Ондағы мақсат – «Көрісу күні» туралы түсінік беру, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру. Ал қыз бен жігіт айтысы жұртшылықтың көз-айымына айналды.

Жиналған қауым шара соңында қазақтың ұлттық тағамдары – қымыз-шұбат, құрт-ірімшік, бауырсағынан дәм татты.

А.ӘСЕМБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

«QAZAQ
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: **64787**

• Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.

• Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Біздің оқырман



Аманилла қажы
Абылайұлы ҮСЕЙІНТЕГІ

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Кәмила ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 1000

• Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
• Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.